

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БАҒАЛАУ

Тексерген Серікұлы Мейіржан

Орындаған Елубаева А

Топ 029-1

Жоспары

- ▣ Кіріспе
- ▣ Негізгі бөлім
- ▣ Медициналық технологияларды бағалау дегеніміз не?
- ▣ Қазақстан Республикасында медициналық технологияны бағалау жүйесін жетілдіру
- ▣ Медициналық технологияларды бағалау қалай жүзеге асырылады?
- ▣ Қорытынды
- ▣ Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

- - Ғылым мен техникалық прогрестің арқасында бұрынғыдан да нәтижелі емдеу тәсілдері арқылы халық денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар үнемі пайда болып отырады. Денсаулық сақтау саласына жалпы биологиядағы, әсіресе, медицинадағы идеялар мен технологиялық жаңалықтар өзінің оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Бірақ технологиялық жаңалықтардың бәрі де денсаулық сақтауда оң нәтиже бере бермейді



Медициналық технологияларды бағалау дегеніміз не?

- МТБ жүйелі үдеріс және денсаулық сақтаудағы шешім қабылдау институты ретінде өткен ғасырдың 80-жылдары Еуропада басталып, кейін Канада, АҚШ, Австралия, Азия және тағы басқа елдерге таралды.

Мақсаты

- ▣ • халықтың денсаулығын жақсарту;
- ▣ • медициналық аппараттардың көмегімен нақты диагноз қойып, науқасты толық емдеп шығару;
- ▣ • қажет көлемде сапалы және қауіпсіз медициналық көмекпен қамтамасыз ету;
- ▣ • медициналық аппараттардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, қолжетімділікті талқылау.



Міндеті

- ▣ • аурудың алдын-алу мен оны ерте айқындау;
- ▣ • науқасқа қауіп тудырмау жолы арқылы зиян келтірмеу;
- ▣ • ресурстарды дұрыс бөлу (адамдық және материалдық);
- ▣ • науқасты емдеудің жоғарғы сапасымен қамтамасыз ету және оны сауықтандыру;
- ▣ • медициналық қателерді болдырмау мақсатында ұдайы емдеу мониторингін жүргізу;
- ▣ • әлемдік стандарттарға сәйкес персоналдардың білімі мен әдетін жетілдіру.

Медициналық технологияларды бағалау қалай жүзеге асырылады?

- ▣ Шешім қабылдаушы тұлғалармен қатар, технологиялардың қолданылуына мүдделі қоғамдастық - дәрігерлер, науқастар, өндірушілер және науқастармен жұмыс істейтін ұйымдар МТБ бастамашысы бола алады. Медициналық технологияларды бағалауды жүзеге асыру үшін МТБ ұйымдастырушысы (шетелде бұл тұтастай бір МТБ агенттігі болып табылады) МТБ әдіскер мамандары, ақпаратты жүйеде іздеу мамандары (IT- кітапханашылар), фармакологтар, экономистер, клиникалық кеңес беруші дәрігерлер, этика саласындағы және бағалауға қажетті басқа да мамандардан тұратын көпсалалық топ құрады.



- ▣ Зерттеу өзектілігі. Медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, саламатты өмір салтын алға бастыру адағми әлеуеттің деңгейін арттырудың келесі бір маңызды бағыты болып табылады. Бүгінде «Саламатты Қазақстан — 2015» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда.

- Облыстық денсаулық сақтау саласы жаңа технологиямен жыл сайын толысып келеді. Атап айтар болсақ, соңғы 10 жылда біздің медициналық мекемелер әлемдік сұранысқа жауап беретін құрал-жабдықтармен жабдықталуда. Соңғы жылдары өңірлік медицина 3 компьютерлік томограф, жүздеген ультра дыбыстық зерттеу аппараттары, 8 маммограф қондырғылары мен 14 телемедицина орталығы халыққа қызмет етуде. Қазақстан ауруханаларында тәуелсіз мемлекет достастығы елдерінде теңдесі жоқ магниттік резонанстық томография аппараты орнатылды.

- Магниттік резонанстық томография аппаратының жалпы соммасы 504 млн. теңге тұрады. Магнитті — резонансты томографияға түсу үшін 26 мың 800 теңге қаражат қажет. Бірақ, тіндерді анық көрсету үшін құйылатын контрасты сұйықтың бағасы 11 мың 400 теңге. Сонда 38 мың 200 теңге қаражат беріп, ауруыңызды анықтай аласыз. Ал, құны 125 миллион теңге тұратын компьютерлік томография зерттеу жұмысы көп уақыт алмайды, небәрі 45 минут жұмсалады. Компьютерлік томографияның екі түрі бар. Олар — магниттік резонанстық және рентген сәулесімен жұмыс істейтін компьютерлік томография.

МТБ Қазақстанға қашан және қалай келді? Алғашқы нәтижелері қандай?

- МТБ Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауда шешім қабылдау үшін жүйелі үдеріс ретінде 2009 жылы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында институциялық реформа жасау және технологияларды енгізу» жобасы аясында басталды

Медициналық технологияларды бағалаудың республикадағы даму болашағы

- ▣ «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында институциялық реформа жасау және технологияларды енгізу» жобасы аясында 2015 жылға дейін осы саладағы тәжірибелі халықаралық мамандарды жұмылдыра отырып, тақырыптық тренингтерден өткізу арқылы МТБ сарапшыларының әлеуетін жетілдіру жоспарлануда





- Атырау облысының дәрігерлері робот-манекендермен жабдықталған жаңа симуляциялық орталыққа қол жеткізді. Медицина саласындағы жаңа технология дәрігерлердің алдымен адамға емес, робот қуыршақтарға тәжірибе жасау арқылы қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар төтенше жағдайлар кезінде қауіпті аймаққа бірінші болып жететін құтқарушылар мен полиция қызметкерлерінің алғашқы медициналық көмек жөніндегі біліктілігін арттыру үшін де бұл қондырғының көмегі зор.

- ▣ **Магниттік левитация ағза мүшелерін өндіруге қолданылмақ**
Жасанда өкпе жасаушаларын *магниттің левитация* арқылы өсіру – фантастикалық желістегі кітап сөзі болып көрінуі әбден мүмкін. Солай десек те осы күні бұл шындық. 2010 жылы Глауко Соуза және оның командасы **наномагниттердің көмегімен адам ағзасына керек жасаушаларды өндіру жолдарын іздестіре бастады.** Ізденіс барысында қолднаған нәрселері құнарландырған сұйыққа салынған гель болатын. Лабораториялық жағдайда өндірді де.

- ▣ Ағымдағы жылдың 18 наурызы күні Астана қаласында «Болашақ» Қауымдастығы Гиппократтың ізбасарларының алдында «Жедел медициналық жәрдем автокөліктерін қашықтықтан бақылау Жалпыреспубликалық орталығын ашу» жобасын ұсынды. Жоба авторы – «Жастар кадрлық резерві-2010» сайысының жеңімпаздарының бірі Аманжол Кәкімов.

▣ Бір фотонды эмиссионды компьютерлік томография

Миокардтың перфузиялық сцинтиграфиясы– радиоактивті препараттың көмегімен қанның жүрісін зерттеу әдісі. Миокардтың қанмен қамтылуын бағалау үшін, денеге жүктеме салу сынамасы арқылы жиі қолданылады.



Қорытынды

- ▣ • аппараттардың бағалары өте қымбат, оны алуға әрбір мекеменің қалтасы көтере бермейді;
- кейбір елді мекендерде медициналық аппараттар ескірген, оның салдарынан көптеген зиянды сәулелер бөлініп, адам денсаулығына зиянын тигізуі мүмкін;
- медициналық аппараттардың жетіспеушілігі, мысалы, атроскоп, эндапротез аппараттары еліміздің Астана және Алматы қалаларында ғана бар;
- орташа айлық табысы немесе одан төменгі табысы бар отбасылар өздері толығымен одан медициналық тексеруден өте алмайды.

Қолданылған әдебиеттер

- ▣ 1. А.Е.Абылқасымова, Д.Рахымбек, А.К.Көбесов, А.С. Кенеш. Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. – «Мектеп». – Алматы, 1998ж.
- 2. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан. – №41-42. – 28 қаңтар 2012ж. – 1-2 б.б.
- 3. ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.// Егемен Қазақстан. – 16 қазан 2004ж.
- 4. М.Д. Машковский.- «Новая волна». – Москва, 2006ж.
- 5. Интернет желісі: www.mz.gov.kz